

ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ «ДАЛА» АРХЕТИПІ

Калдыкуль Оразкулова¹

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

170

CAJAS Volume 10, Issue 1, 2025

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨНЕРІ: ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ТІЛ МЕН МӘТІН

Аңдатпа. Мақалада аналитикалық психологиядан туындаған «архетип» ұғымы көркем шығармашылықты талдауға негіз болған. Бейсаналықтан туындаған архетиптер ілкі заманнан бүгінгі кезге дейін көркем өнерде көрініс тауып отырғаны қазақ суретшілерінің шығармашылығындағы «дала» архетипі арқылы қарастырылған. «Архетип» ұғымына терең талдаулар жасалып, оның қазақша баламасы мен қазақ тіліндегі ұғымы зерделенген. Көркемөнерді талдауға негіз болған аналитикалық психологиялық әдісті пайдаланып, қазақ суретшілерінің туындыларына талдау арқылы, әлемдік көркем шығармаларда кездесетін әмбебап бейнелердің ұлттық көрінісі айқындалған. «Дала» архетипі қазақ суретшілерінің шығармашылығындағы пейзажды бейнелеу. Архетип - суретшілердің шығармашылығы арқылы көрінетін психо-философиялық бейне. Алғашқы Қазақстанның кәсіби кескіндемешісі Әбілхан Қастеевтің шығармашылығынан бүгінгі күнгі суретшілердің туындыларына дейін дала көрінісінің шексіз әрі терең кеңістікті бейнелеуі ұлттық қабылдау болмысынан деп анықталды. Заманауи Қазақстан бейнелеу өнері белсенді дамуда, дәстүрлі және инновациялы формалар өнерде бірін-бірі толықтырып, алмастырып өзіндік ерекше мәдени келбетті қалыптастыруда. Егемендік алғаннан кейінгі мәдени бірегейлікті іздестіру - ұлттық өнерді өзінің қайнар көзіне және ұлттық өнердің бастауларына қайта мән беруге шақырды. Заманауи Қазақстан өнері суретшілерінің жаңаша көркем ізденістері стереотиптерден бас тарту, ұлттық өнердің қайнар көзі болып саналатын «архетиптерге» қайта оралу. Осы тұста негізгі қазақ дүниетанымындағы негізгі әлемнің көркем картинасы – кеңістік. Кеңістік – шексіз «дала» көрінісінде қазақ суретшілерінің шығармашылығында көрініс табады.

Түйін сөздер: ұжымдық бейсана, архетип, ілкі бейне, сана, көркем шығармашылық, бейне, дала, символ.

Дәйексөз үшін: Оразкулова Калдыкуль. «Қазақ кескіндемесіндегі «Дала» архетипі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, 170–187, б. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.932

Автор қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Карл Густав Юнг тұжырымдамасында, Архетип дегеніміздің өзі археобраздар немесе алғашқы образдар дегенді білдіреді: «Өзім «архетиптер» немесе «алғы образдар» деп атап жүрген «көнениң қалдықтары» дегенге менің келуім түс көру психологиясы мен мифологиядан жеткілікті білімі жоқ адамдар тарапынан әртүрлі сыналып келеді. «Архетип» терминін көбіне дұрыс түсінбейді - белгілі бір мифологиялық образдар немесе сюжеттер деп біледі. Ал бұлар, алайда саналы меңгерілген түсініктер ғана және олар жөнінде өздерінің құбылмалылығымен ұрпақтан мұра болып берілуі мүмкін дегеніміз қисынсыз болар еді», — дей келе өз ойын былай жалғастырады: «Архетип бір орталық идеяның айналасында осы түсініктердің қалыптасу тенденциясында көрініс табады: түсініктер детальдарымен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, бірақ түп негізінде жатқан идея өзгерместен қалады» (Юнг 68). Демек, ең бастапқы идея сол қалпында қалады да, ал оның кейінгі түрлі өзгерісі оның образды шағылысы немесе көрінісі болмақ.

Біз архетиптердің ілкі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі трансформациялануын көркем бейнелердің тарихи вариацияларынан көре аламыз. «Сезім — интуиция — шығармашылық — рефлексия» арқылы туындайтын (нәтиже) көркем бейне «көркем бейне-субъект» қатынасының маңызды буыны. Субъект арқылы көркем образ эстетикалық үйлесімділікті, аяқталған бүтіндікті және «әсемдік заңдылықты» ашуды айқындай түседі. Көркем образ осындай табиғатына байланысты тек әлеуметтік-мәдени құндылықтар қатарына ғана жатпайды, сондай-ақ ол адамзат болмысының идеалды мүмкіндіктерінен, өмірде әлі орындалмаған мұраттар құндылығы қатарынан орын алады.

Юнг, мәдени архетиптерді ұжымдық психологиялық архетиптермен қатар теңестірмейді, бірақ оларды мәдени бейсаналыққа жатқызады, яғни ұжымдық бейсаналық пен мәдени үлгілердің арасында пайда болатын тарихи жадылар деп көрсетеді. Осы тарихи жадыда сақталған архетиптер бейнелеу өнерінде өзіндік ұлттық ерекшелік пен сонылық қолтаңбаны айқындайтын этномәдени архетиптер деп қарастырамыз.

Соңғы кезде архетиптер қазақ бейнелеу өнерінің дамуында маңызды мәнге ие. Ең негізгі архетиптердің көне дәуірден бүгінгі заманауи өнерге трансформациялануы ұлттық өнердің сақталу, даму және өзіндік көркем бағытын айқындайды. Архетип сөзі грек тілінен аударғанда «ілкі бейнелер» дегенді білдіреді. Олар әмбебаптар, рәміздер, мотивтер шифрланған ұжымдық бейсаналықтың негізгі элементі болып табылады. Жалпы адамзатқа ортақ архетиптер әртүрлі халықтардың бейнелеу өнерінде ұлттық дүниетанымдық қабылдау мен танымның деңгейінде детальдармен ерекшеленіп этномәдени өнерді айқындаудың негізі бола алады.

Райхан Ергалиева: «Экзистенциалды компонентпен, адам өмірінің түбегейлі мағынасын түсінудің психикалық қабаттарына терең енетін күнделікті мәселелермен тығыз байланысты, олар біздің еліміздің мәдениетінің өткені де, бүгін де, болашағы да негізделген терең іргетасты білдіреді» - деген (Ергалиева 124).

Көркем образдың ең түпкі прототипі табиғат болып табылады. Қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық бірегейлікті айқындайтын ең көне алғашқы бейнелердің бірі — «дала» бейнесі. Сондықтан қазақ суретшілерінің шығармашылығындағы дала кеңістікті қабылдаудың көркем образды ерекшелігі, яғни ол жадыда жатталған архетип, ал оның көркем образды ерекшелігін зерттеу жұмыстың өзектілігі болып табылады.

Зертеудің мақсаты - қазақ суретшілерінің туындыларындағы «Дала» архетипінің көрінісін сипаттау мен зерттеу.

Осыған орай алдымен «архетип» ұғымын жан-жақты саралау, оның көркем шығармаға талдау жасаудағы ролі мен суретшілер туындыларынан «дала» архетипінің бейнесін ашуды міндет етіп қойдық.

Әдістер

Карл Густав Юнг өзінің психологиялық зерттеу нәтижелерінде ұжымдық бейсаналық жүйесінде жалпы ортақ бейнелер (архетиптер) (Юнг 86) бар деген қорытындыға келеді. Ол мыңдаған ғасырлар бойғы, жүздеген ұрпақтың тәжірибесінің нәтижесінде және барлық психикалық процесстерді ұйымдастырушы элементтер ретінде қызмет етеді. Көркем өнердегі архетиптер барлық халыққа тән әмбебап көркем бейнелерді білдіреді.

Карл Густав Юнг өзінің ұстазы Зигмунд Фрейдтің бейсаналық қабатта, балалық шақта ұмыт болған, күштеп көміп тастаған «естеліктер көмбесі» дегенге қарсы шықпастан, Юнг «сананың және бейсаналық қабаттарынан кейін түпкі сана бар және ол жеке түсініктермен қалыптаспайды, өмірлік тәжірибеге қатысы жоқ, туа бітеді» деген тұжырым жасаған. Бұл қабатты «ұжымдық бейсанылық» деп атаған. Ұжымдық бейсаналық барлық адамда болады, ол адамның ойлауы мен әрекетін анықтайтын туа біткен психикалық құрылым. Ұжымдық бейсаналықтың бейнелері рәмізді болып келгендіктен, олардың мағынасын анықтауда немесе тікелей түсіндіруде қиындықтар тудырады.

Карл Густав Юнг өзінің архетип теориясын сипаттай келе, ондағы символдардың көптүрлілігі мен қиындықтар, архетиптік шындықты зерттеу мен түсінуден тудыратын

проблема деген. Ол шығармашылық пен түс көрулер, мифтер, ертегілер архетиптер сақталған қойма деп атаған, яғни «адамзаттың адамгершілік нормалары және «мәңгі тақырыптар» мен мәдениеттің образдар мазмұны, басқа сөзбен айтқанда, мәдени потенциал, белгілі бір этностың өкілдерінің эмоциясын тудырып қана қоймайды, оны әрекетті істеуге итермелейтін, әдетті шеңберінен асыратын, шынайы психикалық энергия» (Иванова 86).

Сонымен архетип халық пен адамның психикалық тұңғығының бір бөлігі ретінде мифтерде, ертегілер мен әдебиетте, түрлі өнер мен өнер ескерткіштерінде көрініс табады деп айта аламыз.

Поль Рикёрдің «Конфликт интерпретации» ғылыми еңбегінде өнер мен фрейдтік жүйе арасындағы байланысты зерттей келе нағыз психоанализдің ниеті мәдениет герменевтикасына шығу болып табылады деген. Поль Рикёр Фрейдтің иллюзия ешқандай шындыққа жанаспайды деген тұжырымы қиялды жоққа шығарады дей келе, керісінше қиял психологиялық синтезде жаңа мағыналарды тудыруға алып келеді деген. «Қиял, - деп жазады Поль Рикёр таза бейсаналы фантазмға қарағанда, онда бүгінгі актуалды әсерімізде бекітілген инфантильді өткен мен болуға шақ тұрған болашақты тұтастай бірлікте интеграциялау мүмкіндігі бар» - деп жазады (Рикёр 171). Ол фрейдтік психоанализді шығармашылықты зерттеуде қолдаған профессор Ермаковтың көзқарасын қолдамайды, өйткені ондай болған жағдайда шығармашылықта суретшінің жасырын сексуалды белгісі бар дегенге саяр еді деген. Поль Рикёр өнер туындысын талдауда мәдени герменевтика әдіснамасын ұсынады және әдеби шығармалардағы архетиптерді зерттеуде бейсананың терең тұңғығына өту үшін психоанализдің құралы ретінде «еркін ассоциациялауды»

шығармашылықпен жақын туыстас деп осы тәсілді ұсынады. Дегенмен көркем шығармашылыққа психоанализдік талдау суретшінің өзіне емес, оның шығармашылығына жүргізуді құптайды. Өйтпеген жағдайда, яғни суретшінің өзіне жасалған психологиялық анализдің салдарынан суретші бойындағы күшті шығармашылық қуат босаңсып ығыпыс сыртқа шығып кетеді деген.

Біздің ғылыми зеттеуімізде қазақ суретшілері шығармашылығындағы бесаналықтың мазмұнынан туылған «Дала» архетипіне психоанализдік талдау жасалатын болады.

Мақаланы зерттеу барысында архетип ұғымы мен архетипке типологиялық талдаулар жасауда бүгінгі күні осы мәселенің зерттеудің негізін қалаған классик психолог-философтар Зигмунд Фрейд, Карл Густав Юнг және көркем бейнедегі архетиптерге арналған Дж. Хендерсонның, еңбектері негіз болды.

Бейнелеу өнерінің көрке тілінің әмбебап архетиптеріне арналған, философ-өнертанушылар (Кемпбелл Дж., Поль Рикёр) және бірқатар отандық өнертанушылардың зеттеулері (Ергалиева Райхан, Золоторева Лариса) архетипке ұлттық концепциядан құрылған тұжырымдарды зерттеу тәсілі теориялық әдісті тереңірек қарастыруға көмектесті.

Сонымен қатар теориялық әдіс ретінде кең таралған тарихи, жүйелеу, салыстырмалы әдістер қолданылды.

Эмпирикалық әдісті пайдалануда қазақ суретшілерінің туындыларына өнеранушылық талдаулар мен сипаттаулар жасалды.

Талқылау

Карл Гусав Юнг өнер мен психологияның шекарасын салыстыруға келмегенімен өнер өзінің көркем тәжірибесінде психологиялық әрекет болып табылады, сондықтан да оған психологиялық талдаулар жасалуы керек деген.

Нағыз өнерге психология жақындай да алмайды, сол сияқты ақыл да өнерді түсіндіріп бере алмайды. Ғылым мен өнер екі бөлек өмір сүрмес те еді, егер де олардың ерекшеліктері ажыратылмаған жағдайда. Мысалы, алғашқы қауымдық кезеңде өнер, ғылым, сенім элементтері ажыратылмаған магиялық ментальды хаоста өмір сүрді немесе жануарларда «рухты» байқамаймыз, тек таза «инстинктер». Архетип бұл инстинктерге ұқсас болғанымен ол инстинктерге де жатпайды.

Өйткені инстинктер жануарларда, ал адамдарда тән — бұл рух.

Бастапқыда өнер мен ғылымның бөлінбеген кезеңінде, олар бірін-бірі толықтырып тұрды. Негұрлым тарихи тереңдеп тас дәуірлеріне келетін болсақ, біз өнердің бөлінбеген күйіне дейін, әмбебаптығына жетеміз.

Адамға рух тән болғандықтан, көркемөнердің бастауы руханилық. Өнер адамының бейсаналы туындаған шығармашылығында өзінің жекелігінен де жоғары адамзаттық құндылықтарға көтеріледі. Сондықтан да архетип - бұл жалпы адамзаттық.

Бейсаналықтан туылатын шығармашылыққа жасалатын аналитикалық психологиялық талдау бойынша, шығармашылық саналы және бейсаналы жасалады.

Карл Густав Юнг фрейдтік жекелік психологиялық құрылымды редукциялық психологиялық талдауды қолдамайды, оның пікірінше адам психикасының терең қабаты бар және ол қабатты бейсаналық деп атаған. Ол барлық адамзатқа ортақ «Бейсаналы қабат әрекетсіз емес, ол өзі туралы, сананың мазмұнына әсер етеді» (Юнг 73) - деп, бейсаналық ерекше нәтижелерді шығарады, оларға көркем қиялды, түс көрулерді және символдарды жатқызады. «Символдар», - дейді Юнг, «әлі сөзбен түрін түстеп, атын атап бере алмайтынды түсіндіруге талпынған, түсініктер» (Юнг 75).

Өнерге жекеліктің қатысы жоқ — зат, сондықтан оған жекелік критерий бола алмайды. өнер туындысы өзінің бастапқы берілген мүмкіндіктерін еркін қолдана алатын бейне жасаушы ретінде қарастыру керек. Өнер себеп пен салдарға қатыссыз өзалдына туылатын нәрсе. Адам — шығармашылық бастауды алып жүруші, өнерді жасаушы. Ағаш нәрін жерден алса, өнер бар адамнан алады, осы жағы оның ағашқа ұқсады. Юнг бұл шығармашылық жасампаздық процесті адамның жанында өсіп шығатын тірі жан деген және аналитикалық психологияды бұл құбылысты автономды комплекс деп атаған. Автономды кешен қабылданғанымен, оны саналы түрде басқару - ұстау немесе ерікті түрде көбейту мүмкін емес. Шығарашылық, яғни дайын бейнелер, оладан қаншалықты символдарды шығара алғанымызға байланысты, олады талдау жасауға келеді.

«Егер бейсаналы қабат сананың төменгі қабаты болып, санаға әсер етсе, ұжымдық бейсаналық қабат қалыпты жағдайда санамен танылмайды және сондықтан ешқандай да анализ жасау техникасы арқылы оны «еске түсіре» де алмайды, өйткені ол ығыстырылған де емес, ұмытылған да емес. Ұжымдық бейсана мүмкіндіктер болғандықтан ол өз алдына өмір сүрмейді, ол жоқ нәрсе, оны біз ежелден ассоциациялы бейнелер түрінде белгілі бір формада немесе анатомиялық терминологияны қолданатын болсақ, ол бастың миының құрылымында мұра етілген» - деп оны қиялдың әрекетінің түрі, тәжірибе арқылы таныла қоймайтын априорлы идея деп, оның қызметін былай түсіндіреді: «ұжымдық бейсаналықтың мазмұнын алғашқы образдар немесе архетип деп атаған және ол адамның жыны ма, немесе оқиғалары ма — қайда шығармашылық еркін қызмет етсе сонда өмір бақи мәңгі қайталана береді» (Юнг 86).

Карл Густав Юнг архетиптің мәңгі қайталану оның ерекше сипаты деген және оның бірнеше сипатын белгілеген. Архетип алдын ала ұсынылмайды, бұл тек «априори берген қалыптастыру қабілеті, ұсыну мүмкіндігі» (Юнг123) Архетипті, құрылымға алдын ала ерекшелік беретін кристаллдың өстік жүйесімен салыстыру ең кең тараған салыстырым.

Эльвира Мазитовна Қолчева юнгтік архетиптің келесі сипаттарын атап шығады: ұсынылмайтындығы, аффективті табиғаты, оның адамға ниминозды әсері; алғашқы бейнелердің амбивалеттілігі; архетип «өткеннің жұрнағы» емес, оның психикадағы рөлі - реттегіш (Қолчева 256).

Архетиптің мәңгі қайталана беру қызметі ежелден бергі ата-бабалардың бір типті күйінің шексіз қайталануынан ортақ бір бейне «архетип» жасалады.

«Мың келбетті қаһарман» кітабының арқасында үлкен танымалдылыққа ие болған, американдық зерттеуші, жазушы Дж. Кемпбелл ертегілер мен мифтердегі және адамның түс көрулерін зерттеп, түрлі халықтарда кездесетін образ ұқсастығын байқаған және бір қаһарманның пішіні жағынан өзгермелі бірақ мазмұны сол қалпында қайталанып отырады деген пікірге келген. Және бұл қайталаулар адам өмірде жүріп жататыны, адамның бір кезеңнен екінші кезеңге өтуі оның қайта туылуы. «Егер де біз тек біздің ұмытқандарымыз ғана емес, сондай ақ ұрпақтарда немесе тіпті өркениетте ұмыт болғанды қайта жандардыра алсақ, онда біз барлығына жақсылық әкелген болар едік, тіпті барлығы үшін культқа айналған тұлға болар едік» (Кемпбелл 23) - деп қайта жандану, қайта туылу, қайталану үдерісіне үлкен мән берген. «Өнер, әдебиет, миф, және дін, философия және аскетті пәндер индивидтің өзінің шектеулі мүмкіндіктерін жеңу және шексіз таным сферасына өту құралдары болып табылады» (Кемпбелл 230).

Эльвира Мазитовна Колчева өзінің мақаласында Дж. Хендерсонның «ұжымдық бейсаналық пен мәдениеттегі бар үлгінің ортасында жатқан тарихи жадыны», яғни мәдениеттегі жекелікті (Хендерсон 164) мәдени бейсаналық қабат деп, онда саналы пен бейсаналық бөліктерді де алып жүре алатын ұжымдық бейсаналықтың негізінде құрылған «бірдейлік түр» қоғамдағы топтың рәсімдері мен мифтерінің қалыптасуына әсер етеді деген (Колчева 256). Демек мәдени архетиптер ұлттық өнердің бірегей түрінің қалыптасуына әсер етеді. Оны ұлттық өнердің ерекшелігі деп қарастыра аламыз. «Ұлттық өнер этникалық архетипке сәйкестігін үнемі «тексеріп» отырады... мәдени архетиптер өзінің мазмұнын иконикалы, яғни көрнекі пішінмен айқындайды».

Архетиптік ең басты белгілеріне уақыт пен кеңестік жатады. Уақыт пен кеңестікте мәдени әлемді адамның игеруінің негізгі шарттарының бірі. Әрбір халықтың өзінің мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндікке қол жеткізгенде архетиптерге жиі оралады. Бүгінгі біздің Қазақстанның рухани жаңғыру едеясы кезеңі осыған ұқсас.

Қазақ ұлттық бейнелеу өнеріндегі архетиптерді зертеген өнертанушы Райхан Ергалиева «ұлы дала мәдени мұрасын сақтау, мұрагерлік ету және сабақтастық контекстінде ұлттық архетиптердің трансформациялануына, яғни бейнелеу өнерінің этномәдени негізі болатын ілкі бейнелер мен алғашқы мотивтерге бет бұрамыз. Экзистенциялы компоненттермен тығыз байланыс, тіршіліктің сұрақтарына, адамзаттың өмір сүрудің мәнін кординалды тұрғыда түсінудің ментальды қабаттарына үңілу, осылар біздің еліміздің мәдениетінің өткені мен бүгінін және болашағына негізделген, терең тұғырды білдіреді» (Ергалиева 124). Ергалиева өзінің зерттеуінде суретшілердің рухани бастауға, көне пластикалық көркем бейнелеу тәсілдеріне қайта-қайта

оралу принципі қазақ кескіндемесінде метатілді қалыптастырған Амандос Ақанаевтың туындларынан талдайды. Экзистенциялы архетиптер суретшінің дүниетанымын, олардың ұмтылысын, моральдық құндылықтарды білдіреді. Қазақ дүниетанымындағы құндылықтың бірі — «дала».

Қазақстандық өнертанушы Лариса Романовна Золотарева «көшпелілердің қабылдауында кеңестік - Ұлы дала болып табылады. Дала кеңестігі — бұл «өзінің» кеңестігі, ал одан арғы жағы «бөтен» кеңестік. Кеңестіктің категорияларын зерттеген, Юрий Михайлович Лотман оның көнелігі және әмбебаптылығын ескерген: «Кез-келген мәдениет дүниені ішкі (өзімдікі) кеңестік және сыртқы (өзгенікі) деп екіге бөлуден басталады. Бұл бинарлы бөлу мәдениетті типологиялау мәдениетіне қарай интерпретацияланады». Бұлай «ажыратудың» маңызды атрибуты, ғалымның ойы бойынша, шекара болып табылады: «.. шекара бұл периодикалы форма аяқталатын, сызық. Бұл кеңестік мәдени қауіпсіз, «үйлесімді орналастырылған» «өзімдікі», «біздікі». Оған «бөтен», «өшпенді», «қауіпті», «хаосты», «олардың кеңестігі» қарсы шығады (Лотман 257).

«Дала, уақытқа ұқсас шексіз» этноконцеп тұрғысынан қарастырған, Лариса Романовна Золотарева, «Ұлы дала» бейнесінің қазақ суретшілерінің әртүрлі өтпелі кезеңдерінде үзілместен жалғасын табуы, қазақ дүниетанымында рухани және көркемдік қалыптасқан әлем бейнесімен байланыстыра қарастырады (Золотарева 9).

Дала бейнесі қазақ көркем шығармашылығында ең кең тараған тақырып болуы, оның көркемдік мазмұнының тереңде жатуында. Дала қазақ көркемөнерінің ең басты архетипі. Қазақ дүниетамындағы ең қасиетті болып саналатын дала архетипінің қазақ суретшілерінің шығармашылығында қалай көрініс тапқанына мәдени

архетиптер (бейне) және құндылықтар (көркем шешімдер) тұрғысынан талдау жасаймыз.

Нәтижелер

«Дала» түркілер үшін біте қайнасып, қанына сіңіп кеткен ұғым. Көптеген ғасырлар бойы көшпелі өмір салтын ұстанған түркілердің дүниетанымының негізі - адам мен табиғаттың (даланың) үйлесімді бірлігінен тұрады. Бұл парасаттылыққа, даналыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке және қанағаттануға үйретеді және арманшылдыққа итермелеуі мүмкін. Жалпы алғанда, бұл ұғымдар дала философиясы сияқты үлкен категорияны құрайды (Қоңыратбаева, Абдуова 88).

Дала қазақ үшін оның қуанышы мен қайғысы, арманы мен бақыты, бұл оның өмірі. Далада туды, далада өсті, сұлулықты да, поэзияны да даладан көреді, ол үшін өмірдің нәрі мен шығармашылығы да дала. Дала деп қаншама ақындар жырлады, сазгер музыка жазды, суретші даланы өз картинасына арқау етті. Қазақ үшін дала бос кеңістік емес, ол мән мен мазмұнға толы — ең құнды, қасиетті ұғым. Шексіз, шетсіз, о шетімен бұ шетіне көз жетпес сайын дала. Қыры гүлге толған, орманында құстар сайрап, көлінде балығы тулаған, даласы малға толған — береке, молшылық. Айлап арғымақ шапса жете алмайтын шексіз кең дала — кеңістік. О шетінен бұ шетіне емін еркін саяхаттайтын — еркіндік. Осылай тізбектеп кете беруге болады. Бұл дала ұғымының тереңдігі мен кеңдігі, қасиеті, сондықтан қазақ даласын Ұлы деп ұлықтаған.

Қазақ мәдениетінің архетипінің қалыптасуына көшпенді мәдениетінің әсері мол. Көшпенділер үшін «дала» қасиетті ұғым. Дала шексіз-шетсіз кеңістік, дала — бостандық, дала — тіршілік көзі т. т. айта беруге болады. Осыдан Ұлы дала ұғымы да қалыптасты.

Дала әнші үшін ән салып тұрады, ал суретші үшін сұлулық пен даналық өлшемі.

Әлем біреу ғана, ал суретшілер сол бір әлемге әртүрлі көру нүктесінен қарайды. Осыдан әртүрлі стилдердің, жанрлардың, мектептердің, бағыттардың инвариантты мазмұны негізгі идея ретінде көрінеді.

Әрбір халықтың өзінің дүниетанымынан туындаған сұлулық өлшемі бар. Айталық сұлулықтың әмбебапты өлшемі — үйлесімділік. Үйлесімділік заңдылығы әр халықта әртүрлі және ол дүниетанымдық түсінікпен тығыз байланысты. Мысалы, көне мысырлық дүниетаным бойынша нағыз өмір келесі дүниеде басталады дегенге сенген, осыдан мәңгілікке оралу идеясы туған, ал көне грекиялық дүниетаным бойынша әлемді сырт келбеті адамға ұқсас құдайлар басқарады — антропоцентристік дүниетаным шықты, ал қазақ дүниетанымы бойынша, әлем шексіз және мәңгі, ал, көк Тәңірі құдай деп саналды. Бұлар адамның түние туралы түсінігін және көркем өнердегі эстетикалық өлшемдерді қалыптастырды.

Қазақ дүниетанымында даланың маңызды зор. Дала жоғарыда айтқандай даналықтың, сұлулықтың қайнар көзі. Дала дегенде, бос жатқан дала емес, қойнауы төрт түлікке толған дала көрінісі. Дала еркіндіктің, шексіз кеңістіктің символы. Қазақ түсінігіндегі дала жылқымен де ассоциясыланады. Қазақ мәдениеті дала мәдениетін қалыптастырды. Қазақ киіз үйі дала ландшафтысын бұзбаған, керісінше онымен үйлесімділік тапқан. Сонымен дала кеңістігі қазақ үшін барлығын қамтиды. Даланың самал лебі, тау-тасы, өзен-көлі мен шөбі барлығы осы дала ассоциясысын білдірді. Естеріңізде болса, сұлтан Бейбарыстың фильмде Бейбарс жусан шөбі арқылы даланы көз алдына елестетеді. Яғни жусан оның бойында дала архетипін жаңғыртып, сол арқылы өзін даламен бірегейлендіреді.

Өнерде қазақ даласы ақын-жыршылардың, күйшілердің, әншілердің негізгі тақырыбы болды.

Алғашқы қазақ кескіндемешілері өздерінің туындыларын дала көрінісінен байланыстырды. Осы тұста қазақтың алғашқы кескіндемешісі Әбілхан Қастеевтің шығармашылығына тоқталып өтелік.

Суретшілік өнерді табиғаттан үйрендім дейтін Әбілхан Қастеев туындылары қазақ даласын адам мен табиғаттың бірлігінде бейнелейді. Қастеев туындыларында көрініс дала кеңістігінде жүріп жатады. Кең байтақ даланың аясындағы көріністен қазақ өмірін айнымастан танимыз.

Кез-келген қазақ баласы шексіз-шетсіз дала көрінісін елестете алары анық. Тау-тасы, өзен көлі, шөл даласы, жазық даласымен ұласқан кең дала. Даланың қолқанды ашытатын жусан иісі, самал желі, күн шуағына шомылған даласы, осылардың барлығы әсемдік пен даналықтың қайнар көзі. Жаны нәзік сезімтал суреткер табиғаттың осынау сұлулығын суреттеуде табиғаттың ғажайып жаратылысынан бар үйлесімділікті көре біліп шебер бейнелейді. Далада туып өскен қазақ баласы үшін даланың әрбір сәті мен күйі, оның жан тәнін тебірентері анық.

Кәсіби бейнелеу өнері қалыптаса бастаған кезден-ақ, туған жердің табиғатын, «дала» тақырыбын бейнелеу суретшілердің негізгі тақырыптарының бірі болды. Қазақ даласын бейнелемеген қазақ суретшісі некен саяқ болар. Солардың бірі, әрі бірегейі қазақ бейнелеу өнеріне сүрлеу жол салған суретші — Әбілхан Қастеев.

Әбілхан Қастеевтің барлық туындыларында туған даланың әсем көріністері суреттелген. Тумысынан суретші, Қастеевтің картиналары шынайы сезімге толы. Оның картиналарына тән композициялық шешім, оның көру нүктесінің жоғарыдан қарап отырғандай бейнелеуінде. Бұл

композициялық шешім арқылы бүткіл дала кеңістігін түгелдей картинасына сыйғызғып, понарамды бейнелейді. Өзіне таныс қазақ даласының тау тасынан бастап, ондағы тіршілікті бүге шігесіне дейін шынайы бейнелеген. Мысалы, оның 1970 жылы жазылған «Талас өлкесі» атты туындысы көлденеңінен ұзынша келген композицияда орындалған. Талас өзенінің жар қабағының төбесінен итімен бірге табиғаттағы көріністі бақылып қарап отыған қойшы бейнесі бейнеленген. Ен далада қайнап жатқан тіршілік. Даланы көлденеңінен ирелендей ағып жатқан талас өзенінің іші, сырты толған тіршілік. Су — тіршілік көзі. Жаздың аптап ыстығында автобуспен келіп суға түсіп жатқан адамдар, ал өзеннің жағасында жайылып, су ішуге құлай түскен қойлар, одан әріректегі жылқыларды көреміз. Одан өзеннің бойын бойлай солға қарай көз жүгіртер болсақ, алыстан ағарандаған киіз үйлердің сұлбасын көреміз. Картинаның дәл ортасында жолға түсіп жүйіткіп келе жатан машинаны да көзіміз шалады. Одан ары қарай бұлыңғыр, манауратқан таулармен астасып барып бітетін көкжиек. Осы көріністі алақандағыдай етіп суретші көзімен асықпай көруге болады. Қастеев кенептеріндегі негізгі композициялық орналастыру ерекшелігі — қарбалассыз, құдды бір мамыражай кезеңді бейнелейді. Картинадағы оқиға кенепке жазылған кинодай көз алдымызда өтіп жатады. Бұл туында ұзынша композицияда, тепе-теңдігі сақталып орындалған туынды. Кескіндемеші сурет салуда академиялық заңдылықтарды қатаң ұстанған. Дала көрінісін неғұрлым шексіз етіп көрсету үшін тереңдік перспективаны пайдаланады. Композицияда аспан мен жер тепе-теңдікте берген. Оның табиғат көрінісі тіршілікке толы, адам мен жаратылыс үйлесімділік тапқан. Қастеевтің картиналарында оқиға көрінісі дала аясында жүріп жатады. Ол өзін даладан бөліп қарастырмайды,

сондықтан оның туындыларында «ғарыштық алғашқы жаратылысты, адам мен дүниенің генезистік бірлігін, ең бастапқы идеяны кескіндеменің тілінде қайта тудырады» (Ергалиева 17). Ол үшін дала тіршіліктің тынысы және ол шексіз кеңістік. Мұндағы дала кеңістігі шынайы өмірге толы. Суретші объективі арқылы кеңістікті қабылдау Қастеевтің шығармашылық өсуінде ұлттық дүниетанымдық негізді көрсетеді.

Даланы қастеевтік қабылдау кейінгі суретшілердің шығармашылығында жалғасын тапты. Ол Қастеевті қайталауға жатпайды «XX жасырда қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуында этникалық сананың трансформациялануы маңызды рөл ойнады. Этникалық сананың трансформациялануы бейнелеу өнерінің негізін қалаушы алғашқы суретшілерден басталып, әрбір келесі ұрпаққа таралды» (Ергалиева 10).

Қазақ кескіндемешісі Қанапия Телжановтың 1958 жылы жазылған жұмысы — «Атамекен». Бұл туынды да ұзынша горизонталды композицияда орындалған. Социалистік реализм бағытында, тың игеру тақырыбын қозғаған суретшіның мақсаты бай қазақ даласын бейнелеу болған. Романтикалық сарында жазылған туындыдан кескіндемешінің ішкі мақтаныш тебіренісі, кең байтақ жерді иеленген қазақтың асқақ рухын көреміз. Ол осы жерде туып өскен еркін қазақтың бейнесін сомдаған. Атамекен қазақтың кіндік қаны тамған қасиетті жері. Киелі жерге кеңестік дәуірдің жүргізген өктемдігін жыртылған жерден көргенімізбен, басын тік көтеріп, атта нық отырған тұлғадан мақтаныш пен киелі туған жерде өмір сүріп жатқан бақытты өмірдің символын айқын көреміз. Бұнда суретші кең байтақ даланы тұрмыстық тыныс тіршіліктің көзі ғана емес, ол еркіндіктің, бақыттың рәмізі деңгейге көтерген.

«Рәміздер жаңалық емес, олар адамның шығармашылық армандары

мен қиялынан туындайды және белгісіз нәрселерді көрсетеді. Ежелгі адамдар өздерінің рәміздері туралы ойламады, олармен бірге өмір сүрді. Сондықтан, армандардың аудармашылары ретінде біз тек символға ғана емес, оны қолданатын адамдардың экзистенциалды тұтастығына да назар аударуымыз керек. Осыған байланысты өлмес шындықты анықтау үшін қолданылатын мәдени рәміздер уақыт өте келе өзгеріп отырды және осы процесте олар сананың саналы бөлігіне еніп, соңында кейбір белгілер ретінде Мәдени қоғамдар қабылдады. Бұл рәміздердің құндылығы олардың бізді өмірлік шындықтардың өзара байланысын түсіну жолына бағыттау қабілетінде жатыр» (Monigeh 77-86). «Атамекен» Қанапия Телжановтың кеңестік дәуірдің тарихы қалыптастырған арманы. Арман — саналы психикалық оқиғалардың бейсаналы аспектілері. Ол біздің миымыздың инстинктивті бөлігі мен рационалды бөлігінің арасындағы байланыс. Телжановтың еркіндікті аңсаған арманы халықтың көкейіндегі арманмен сәйкестік тапқан, ұлттық арманмен бірегейленген. Юнг ерте және өркениетті адамзатқа тән бұл ортақ белгілерді архетиптер деп атады және олардың ұжымдық бейсаналық адамның қайнар көзі екенін айтты. Көптеген ғалымдар, философтар мен суретшілер өздерінің ең жақсы эскиздерін кенеттен түпкі санадан шыққан шабытқа қарыздар, ал данышпандық - бұл ақыл-ойдың осы болмыстың бай тамырларына қол жеткізуінен және оны философияға, әдебиетке, музыкаға немесе ғылыми жаңалықтарға тиімді түрлендіруден басқа ештеңе емес. Бұл жағдайларда эскиз бейсаналықтан саналыға ауысады, ал философтар мен суретшілер өздерінің саналы бөлігіне келетін нәрсені көркем немесе философиялық шығарма ретінде ұсынады. Дәл осы архетиптер мен парасаттылық туралы хабардар болу, Юнгтің көзқарасы бойынша, осындай шығармаларды түсіндіру мен сынға алуда қолданылуы мүмкін.

Келесі кескіндемеші Молдахмет Кенбаевтың «Асауға құрық салу» жұмысын суретші бірнеше рет қайталап жазған. Бұнда да қазақтың кең даласы бейнеленген. Асау жылқыны құрықтау көрінісі бейнеленген картинаның композициялық орналастыруына қарайтын болсақ, картинаның алдыңғы бөлігіне көбірек орын қалдырған. Картина даламен басталады, ортаңғы бөлігінде асау жылқыға екі жағынан құрық тастауға оңтайланған, екі атты фигура, одан ары қарай біртіндеп тауларға ұласып, аспанмен астасқан табиғат көрінісі. Композицияның динамикалылығын кескіндемеші түстер арқылы шешкен.

Кескіндемеші өзінің естелігінде былай деген: «Мен кескіндеменің әдіс-тәсілдерімен табиғаттың бай палитрасын бейнелеп бере алатынымды түсінгеннен бастап, дала ауруымен ауырдым. Мен даланың әсем сұлулығын, шексіз кеңістігін бейнелеуді ғана ойладым. Мен үнемі даланы аңсап тұрдым. Барлық адам даланы мен сүйгендей сүйсе кен дедім. Барлық нәрседен даланы көрдім және барлығы дала болды. Ол менімен бірге қалды» деп өзін даламен біртұтастықта қабылдайды.

Кенбаев үшін барлық бастаудың қайнар көзі дала. Дала тіршіліктің бастауы, егер де біз еске түсіретін болсақ мифтік түсінікте тіршілік бастауы хаостан жарық мен қараңғының бөлінуі. Кенбаевтың картинасындағы осы кереғарлық түстер заңдылығында көрселген. Оның туындысында жылы мен суық түстер үйлесімділік тапқан. Бұл көріністен де кескіндемешінің туындысы дала архетипінде құрылған. Кенбаевтың туындысында дала архетипі түпкі ұжымдық бейсанадан шығып, оған маза берместен, суретшіні басқарып алған және оны кескіндеменің әдіс тәсілдері арқылы образды шешім тапты.

Көлденеңінен созыңқы кенеп авторға дала кеңістігін шексіздікте көрсетуге мүмкіндік берді. Кеңістік «адам мен

табиғат» арасындағы үйлесімділік пен табиғат аясында жүріп жатқан оқиғалар шиеленісін көрсетеді. Әбілхан Қастеев, Қанапия Телжанов, Молдахмет Кенбаев туындыларындағы шексіздік символы кеңістік болса, оның аясындағы адамдар еркіндікке ұмтылған, яғни «Мен» адамның өзінің құндылық өзегіне оралуға ұмтылған көріністерді бейнелейді.

Дала феноменін, немесе «шексіз дала» бейнесін әрбір буын суретшілері өз шығармаларында бейнелеп келеді.

Кескіндемеші, өнертанушы Нағымбек Нұрмұхаммедов Теміртауға жасаған сапары оның шығармашылығына ерекше берген әсерін өзінің күнделігінде былай жеткізген: «Теміртауға сапар менің жан дүниеде төңкеріс жасады. Барлығы басқаша, Ленинградқа да, Мәскеуге ұқсамайды. Дала. Көп нәрсе үйренгенге ұқсамайды, мол күн шуағы, жарық, ауа. Көлеңке жоғалған, барлығы сан алуан түске боялған. Бізді көлеңке — көгілдір, жарық — сары деп оқытқан болатын. Бұндағының бәрі көгілдір. Үйреншікті көлеңкенің көк түсі жоқ, жарық пен көлеңке бір біріне жақын, барлығында — жеңілдік, барлық жерде — құлпырған жартылай көлеңке, нәзік ауа. Өте тездетіп жазу кере: барлығы көз алдында өзгеріп салады» - деп күннің шуағына оранған даланың түсі де өзгеше екенін айтқан. Мұнда Ресейден академистік білім алып келген суретші даладан ерекше түстерді көріп, дала рухымен рухтанған. Осы кезден бастап суретшінің шығармашылығында түстері жасандылықтан сезімдермен қабылдап, академиялық жасанды жарық пен көлеңкеден арыла түкен. Түстері неғұрлы үйлесімділік тапқан. Нұрмұхамметов түстерді неғұрлым бір-біріне жақындату арқылы заттардың ең алғашқы жаратылыс кезіндегі жарық пен көлеңкенің әлі ажыратыла қоймаған, профанды сәтінен қайта жасауға кіріседі.

«Дала» концептісі Әбілхан Қастеев, Молдахмет Кенбаев, Қанапия Телжанов, Сабыр Мамбеев, Сахи Романов т.б.

қазақ классик суретшілері мен заманауи суретшілердің шығармашылықтарында концептуалды шешімін тапқан.

Сондықтан да дала образы өнердің тенденцияларына байланысты әртүрлі ерекшеліктерге ие.

Дала қазақ үшін экзистенциалды кеңістік, онда адамдар шынай өмір сүреді, ондықтан да сакралды.

«Экзистенциалды кеңістік - адамның шынай өмір сүру кеңістігі, экзистенция, тұлғаның «Мен» өзегі болып табылатын, құндылық ретіндегі анықтамалық нүктесі» (Чередниченко189)

Суретшілер қасиетті саналатын дала образын өз кенептерінде түрлі декоративті композициялық шешімдерде, оқиғалық, драмалы, шексіз кеңістік бейнелерде көрсеткен гобеленші Құрасбек Тыныбеков. Қазақ бейнелеу өнерінің алғашқы кәсіби гобеленшісі Құрасбек Тыныбеков тақырыбы экзистенциалды мазмұнға толы. Оның тоқымасының беті қазақ даласындағы тіршілікке толы.

Бастапқы бастауларға қайта оралу кескіндемешілердің өнері мен көрермен санасын мәңгі жоғалмайтын, ескірмейтін ұлттың рух пен қазақ тарихын көз алдына елестетіп келтіреді. Бұл архетиптердің өміршеңдігі мен, мәңгілігі, рухани бастау ретіндегі қайнар көз ретінде ұғынылады.

Негізгі тұжырымдар

Біз қазақ суретшілерінің шығармашылығында «дала» архетипінің үздіксіз жалғасып сабақтастықта дамитынына көз жеткіздік. Осы зерттеудің қорытындысы бойынша мынадай нәтижеге қол жеткізді:

- Қазақстандық бейнелеу өнеріндегі «дала» архетипін зерттеу өнерде көркем кескіндеменің мәнін толық ашуға мүмкіндік береді;

- ұлттық мәдени өзін-өзі сәйкестендіру жолы, архетиптік мотивтер мен бейнелерді өзгерту арқылы туындайтын жалпы дүниетанымдық

мәселелерге өз көзқарасын білдіру қажеттілігі;

- сананың экзистенциалды интенциясы, өнерді бастапқыға оралу қажеттілігі адам болмысының мәселелері, яғни интерпретациялық деңгейде қамтылған таза ішкі ақыл-ой және көркемдік, белгілі бір әлеуметтік проблемадан әмбебап онтологиялық мәселеге алып келеді;

- көркем шығармалардағы «дала» архетипін зертеуде жасаған көркем тұжырымдамалар қазақстандық өнертану саласындағы ғылыми зерттеулерді байытады;

- бейнелеу өнері архетиптік идеялар мен ұлттық мәдени естеліктердің принциптерін, ертедегі рухани және пластикалық мұраның трансформациялауының айқындаушы құралы болып табылады.

Сонымен, өзінің генетикалық жады қалдықтарынан, балалық шақ туралы естеліктерден немесе ата-аналардың әңгімелерінен, тарихи кітаптардан шабыт ала отырып, суретшілер наным-сенімдерге, рәсімдерге, қазақтың материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктеріне толы дала өмірінің біртұтас бейнесін жасайды. Осылайша, экзистенциалды рухани призма арқылы көркем өнерде қайта жасалған архетиптер қазақ бейнелеу өнерін өзінің бірегей мәдени мұрасымен әлемдік мәдени кеңістікке енеді.

Қорытынды

Архетиптер адамға бағыт бағдар бола алады. Мәселен, архетиптер таза күйінде көркем шығармашылықта образды, рәміздерді көрініс табатындықтан, олардың бейнелері шығармашылыққа бағдаршам тәрізді және ол шығармашылықтың күшті тартылыс күші бола алады. Шығармашылықта өткен тәжірибені қолдана отырып өнерде жаңалықтар ашуға және оны зерттеуге көбірек мүмкіндіктер береді.

Бүгінгі күні архетип жалпы адамзаттық құндылықтарды білдіреді. Қазақ үшін байырғы заманнан құнды болып саналатын «дала» бүгінгі күні де өзінің қасиетін жоғалтқан емес. Сондықтан ол көркем шығармашылықтың барлық түрінде әр кездерде қайта-қайта қайталанып тұратын тұрақты бейненің бірі. Дала — қасиетті, киелі, шексіз, мал-мүлікке болы кеңістік.

Кең даланың көрінісі қазақ суретшілерін ғана қызықтырып қойған жоқ. біздің білетініміз XVIII ғасырдан бастап келген кесейлік саяхатшылармен еріп келген бірқатар суретшілерді де қазақ даласының көрінісі, тұрмыс — тіршілігі қызықтырған. Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің басында тұрған Әбілхан Қастеев, Қанапия Телжанов, Молдахмет Кенбаев, Құрасбек Тыныбеков сияқты және т.б. суретшілердің шығармашылығында дала бейнесін суреттеу негізгі бейнелеу тақырыбы болды. Олардың шығармашылығындағы дала бейнесі біріншіден, табиғаттың сұлулығына деген қызушылық, яғни эстетикалық сұлулыққа ұмтылу болса, екіншіден, оларды қазақ үшін құнды болап саналған «дала» киелі ұғымы болып саналатын.

Суретшілердің кенептерінде орындалған дала шексіз кеңістік пен дала ландшафты, ондағы төрт түлік малға

толған даланың көріністерін бейнелеу баяғы заманнан санаға мықтап орныққан көріністер мен құндылықтар.

Бейнелеу өнерінен академистік білім алған суретшілерді қызықтырған табиғат көрінісін сонау бағы заманнан ата-бабалардың мұрасы ретінде киелі жерді бейнелеу қазақ ұлтының архетипі. Қазақ даласының киелі белгісі шексіз дала көрінісі. Қазақ қойын қалай санамаса, даланы да өлшемеген, оның «көздің ұшында көрінетін» шексіз дала деп қабылдаған. Осындай түсініктер әлі де болса даладан ажырамаған, жадысында дала деп сақталған суретшілердің шығармашылығында «дала» көрінісі түрлі вариацияларды көрініс тапты.

Мәдени мұраны көркемдік тұрғыдан түсінудің осы кезеңдегі ең маңызды жолдары екі негізгі ағым болды деп айтуға болады. Біріншісі-ұлттық мәдени өзін-өзі сәйкестендіру жолы, архетиптік мотивтер мен бейнелерді өзгерту арқылы туындайтын жалпы дүниетанымдық мәселелерге өз көзқарасын білдіру қажеттілігі.

Архетип ұлттық құндылықтармен, көркем өнер жүйесімен бірегейлендіреді. Ұлт өзінің рухани әлсіреуі кезеңінде осы архетиптерге қайта оралып, рухани бастаудың қайнар көзінен сусындайды. Ал бүгінгі өнер адамдары ертедегі рухани білімді, салт-дәстүрді жалғастырушы абыз рөлінде деп айта аламыз.

Дереккөздер тізімі

- Юнг, Карл Густав. *Архетипы и коллективное бессознательное* (перевод с немецкого А. Чечиной). Москва, Издательство АСТ, 2020.
- Ергалиева, Райхан. «Наследие великой степи – архетипическое и экзистенциальное – в современном искусстве казахстана». *Туркология*, №2, 2017, с. 123-131.
- Иванова, Мария. «Национальные архетипы России». Евразийский Союз, вопросы международных отношений. 2016. № 2 (16). с. 83-95.
- Рикёр, Поль. *Конфликт интерпретаций*. Москва, Канон-Пресс-Ц, Кучково поле, 2002.
- Юнг, Карл Густав. *Дух в человеке, искусстве и литературе* (Перевод В.А. Поликарпова). Мн., ООО «Харвест», 2003.
- Юнг, Карл Густав. *Архетипы и коллективное бессознательное* (перевод с немецкого А. Чечиной). Москва, Издательство АСТ, 2020.
- Юнг, Карл Густав. *Аналитическая психология* (Переводс англ., ред. и вступ. ст. В. В. Зеленского). СПб., МЦНКИТ «Кентавр», 1994.
- Колчева, Эльвира. «Понятие «культурный архетип» как инструментарий анализа национального искусства». *Знание. Понимание. Умение*, 2015 - №1. с. 254-363.
- Кемпбелл Дж. *Тысячеликий герой*. СПб., Питер, 2021.
- Хендерсон Дж. «Культуральное бессознательное». 2-е изд. М., Добросвет, КДУ. 272 с. 149-146.
- Ергалиева, Райхан. «Наследие великой степи – архетипическое и экзистенциальное – в современном искусстве казахстана». *Туркология*, №2, 2017, с. 123-131.
- Лотман, Юрий. *Внутри мыслящих миров*. СПб., «искусство - СПб», 2000.
- Золотарева, Лариса. «Этнокоцепт «степь» в изобразительном творчестве Казахстанских художников». В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии. 2015 - № 5-6 (72). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokontsept-step-v-izobrazitelnom-tvorchestve-kazahstanskih-hudozhnikov> (дата обращения: 05.04.2024).
- Коньратбаева, Жанар, Абдуова, Баян. «Философия степи в художественном дискурсе». Филологические практики. Вопросы теории и пактики. № 9(27) 2013 URL: www.gramota.net/materials/2/2013/9-1/21.html) (дата обращения: 05.04.2024).
- Ергалиева, Райхан. *Этническое и эпическое в искусстве Казахстана*. Алматы, ИД «Жибек жолы», 2011.

Monireh, Hojati Saidi. «*Symbology of Goverment of Foreign Element on Iranian Nation in Some Sessions of Shah-Tahmasb's Shahnameh Based on Carl Gustave Jung's*» Volume 1, Issue 38, April 2011, Pages 77-86 URL: https://jjava.ut.ac.ir/?_action=article&au=116155&_au=Monireh++Hojati+Saidi&lang=en (дата обращения: 10.01.2024).

Чередниченко, Ирина. «Переживание в экзистенциальном пространстве. Гуманистарный вектор». 2010. №2 (22) с. 188- 194.

Очерки изобразительного искусства Казахстана (отв. Ред. Г.А. Сарыкулова). Алма-Ата, Наука, 1977.

Гумилев, Лев. *Этногенез и биосфера земли*. Санкт-Петербург «Кристалл», 2001.

References

Yung, Karl Gustav. *Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatelnoe [Archetypes and the collective unconscious]* (perevod s nemetskogo A. Chechinoy). Moskva, Izdatelstvo AST, 2020.

Ergalieva, Raykhan. «*Nasledie velikoy stepi – arkhetipicheskoe i ekzistentsialnoe – v sovremennom iskusstve kazakhstana*» [«*The legacy of the Great Steppe – archetypal and existential – in contemporary art of Kazakhstan*»]. *Turkologiya*, №2, 2017, s.123-131. (In Russian)

Ivanova, Mariya. «*Natsionalnye arkhetipy. Rossii*» [National archetypes of Russia]. *Evraziyskiy Soyuz: voprosy mezhdunarodnykh otnosheniy*. 2016. № 2 (16). s. 83-95. (In Russian)

Riker, Pol. *Konflikt interpretatsiy [Conflict of interpretations]*. Moskva, Kanon-Press-Ts, Kuchkovo pole, 2002. (In Russian)

Yung, Karl Gustav. *Dukh v cheloveke, iskusstve i literature* [The Spirit in man, art and literature] (Perevod V.A. Polikarpova). Mn., OOO «Kharvest», 2003.

Yung, Karl Gustav. *Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatelnoe [Archetypes and the collective unconscious]* (perevod s nemetskogo A. Chechinoy). Moskva, Izdatelstvo AST, 2020.

Yung, Karl Gustav. *Analiticheskaya psikhologiya [Analytical Psychology]* (Perevods angl., red. i vstup. st. V. V. Zelenskogo). SPb., MTsNKIT «Kentavr», 1994.

Kolcheva, Elvira. «Ponyatie «kulturnyy arkhetyip» kak instrumentariy analiza natsionalnogo iskusstva» [*The concept of «cultural archetype» as a tool for analyzing national art*]. Znanie. Panimanie. Umenie, 2015 - №1. s. 254-363. (In Russian)

Kempbell Dzh. *Tysyachelikiy geroy* [*The Thousand-faced Hero*]. SPb., Piter, 2021.

Khenderson Dzh. «Kulturalnoe bessoznatelnoe» [*The cultural unconscious*]. 2-e izd. M., Dobrosvet; KDU. 272 s. 149-146. (In Russian)

Ergalieva, Raykhan. «Nasledie velikoy stepi – arkhetypicheskoe i ekzistentsialnoe – v sovremennom iskusstve kazakhstana» [*The legacy of the Great Steppe – archetypal and existential – in contemporary art of Kazakhstan*]. Turkologiya, №2, 2017, s.123-131. (In Russian)

Lotman, Yuriy. *Vnutri myslyashchikh mirov* [*Inside the Thinking Worlds*]. SPb., «iskusstvo - SPB», 2000.

Zolotareva, Larisa. «Etnokotsept «step» v izobrazitelnom tvorchestve Kazakhstanskikh khudozhnikov» [*The ethnic concept of “steppe” in the visual art of Kazakhstani artists*]. V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kulturologii. 2015 - № 5-6 (72). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/etnokontsept-step-v-izobrazitelnom-tvorchestve-kazakhstanskikh-hudozhnikov> (data obrashcheniya: 05.04.2024). (In Russian)

Konyratbaeva, Zhanar, Abduova, Bayan. «Filosofiya stepi v khudozhestvennom diskurse. Filologicheskie praktiki» [*The Philosophy of the Steppe in artistic discourse*]. Voprosy teorii i paktiki. № 9(27) 2013 URL: www.gramota.net/materials/2/2013/9-1/21.html (data obrashcheniya: 05.04.2024). (In Russian)

Ergalieva, Raykhan. *Etnicheskoe i epicheskoe v iskusstve Kazakhstana* [*Ethnic and epic in the art of Kazakhstan*]. Almaty, ID «Zhibek zholy», 2011. (In Russian)

Monireh, Hojati Saidi. «Symbology of Goverment of Foreign Element on Iranian Nation in Some Sessions of Shah-Tahmasb’s Shahnameh Based on Carl Gustave Jung’s» Volume 1, Issue 38, April 2011, Pages 77-86 URL: https://jjava.ut.ac.ir/?_action=article&au=116155&_au=Monireh++Hojati+Saidi&lang=en (data obrashcheniya: 10.01.2024).

Cherednichenko, Irina. «Perezhivanie v ekzistentsionalnom prostranstve. Gumanistarnyy vector» [*Переживание в экзистенциональном пространстве. Гуманистарный вектор*]. 2010. №2 (22) s. 188- 194. (In Russian)

Ocherki izobrazitelnogo iskusstva Kazakhstana [*Essays on the fine arts of Kazakhstan*] (otv. Red. G.A. Sarykulova). Alma-Ata, Nauka, 1977.

Gumilev, Lev. *Etnogenez i biosfera zemli* [*Ethnogenesis and biosphere of the earth*]. Sankt-Peterburg «Kristal», 2001.

Калдыкуль Оразкулова

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

АРХЕТИП «СТЕПИ» В КАЗАХСКОЙ ЖИВОПИСИ

Аннотация. Понятие «архетип», происходящее из аналитической психологии, послужило основой для анализа художественного творчества. Архетипы, порожденные бессознательным, отражаются в художественном искусстве с древнейших времен до наших дней через архетип «степи» в творчестве казахских художников. Проведен глубокий анализ понятия «Архетип», изучены его казахский эквивалент и понятие на казахском языке. Анализируя произведения казахских художников с использованием аналитического психологического метода, послужившего основой для анализа художественного искусства, выявляется национальное выражение универсальных образов, встречающихся в мировых художественных произведениях. Архетип «степь» изображение пейзажа в творчестве казахских художников. Архетип – психо-философский образ, проявляющийся через творчество художников. От творчества первого профессионального живописца Казахстана Абылхана Кастеева до произведений современных художников изображение степной сцены в бесконечном и глубоком пространстве определялось как национальное восприятие бытия. Современное изобразительное искусство Казахстана активно развивается, традиционные и инновационные формы дополняют и заменяют друг друга в искусстве, формируя свой уникальный культурный облик. Поиск культурной самобытности после обретения суверенитета - это призыв к национальному искусству переосмыслить его источник и истоки национального искусства. Новые художественные поиски художников современного казахстанского искусства-это отказ от стереотипов, возвращение к «архетипам», являющимся источником национального искусства. На этом этапе основная картина мира в казахском мировоззрении - это пространство. Пространство - в бесконечной» степной» сцене находит отражение в творчестве казахских художников.

Ключевые слова: коллективное бессознательное, архетип, образ, сознание, художественное творчество, образ, поле, символ.

Для цитирования: Оразкулова Калдыкуль. «Архетип «степи» в казахской живописи». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, с. 170–187. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.932

Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Orazkulova Kaldikul

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

THE ARCHETYPE OF THE STEPPE IN KAZAKH PAINTING

Abstract. The concept of “archetype”, which arose in the article from analytical psychology, served as the basis for the analysis of artistic creativity. Archetypes generated by the unconscious are reflected in art from ancient times to the present day through the archetype of the “steppe” in the works of Kazakh artists. An in-depth analysis of the concept of “Archetype” has been carried out, its Kazakh equivalent and the concept in the Kazakh language have been studied. Analyzing the works of Kazakh artists using the analytical psychological method, which served as the basis for the analysis of art, the national expression of universal images found in world works of art is revealed. The archetype “steppe” is the image of a landscape in the works of Kazakh artists. The archetype is a psycho-philosophical image manifested through the work of artists. From the work of a professional painter of the first Kazakhstan A. Before the works of modern artists, Kasteev’s depiction of the steppe scene in an endless and deep space was defined as a national perception of being. The modern visual arts of Kazakhstan are actively developing, traditional and innovative forms complement and replace each other in art, forming their own unique cultural image. The search for cultural identity after gaining sovereignty is a call for national art to rethink its source and the origins of national art. The new artistic search of artists of modern Kazakh art is a rejection of stereotypes, a return to the “archetypes” that are the source of national art. At this stage, the main picture of the world in the Kazakh worldview is space. The space in the endless “steppe” scene is reflected in the work of Kazakh artists.

Keywords: collective consciousness, archetype, image, consciousness, artistic creativity, image, field, symbol.

Cite: Orazkulova Kaldikul. “Archetype “steppe” in kazakh painting.” *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, 2025, pp. 170–187, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.932

The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Автор туралы мәлімет:

Оразкулова Калдыкуль Серикбаевна - Философия ғылымдарының кандидаты, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Оразкулова Калдыкуль Серикбаевна - кандидат философских наук, профессор кафедры «Истории и теории изобразительного искусства» Казахской национальной академии им. Темирбека Жүргенова (Алматы, Казахстан)

Information about the author:

Orazkulova Kaldikul - PhD in Philosophy, Professor of the Department of History and Theory of Fine Arts, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-4714-7099
E-mail: orazkulova.ks@gmail.com